

Шымкент қаласы

№53 «Ер-Асыл» бебекжай-бақшасы

Ересек «Раушан» тобы

## Тақырыбы: «Алтын күз»



Тәрбиеші: Усипбекова А

Базарбай М

2021-2022 оқу жылы



Максаты - Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл -күй орнату.

Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай  
безендірілген .Әдемі ән ойналып тұрады . Бұлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп  
орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар.

**Жүргізуші:** Қарсы алайық бәріміз

Жасымызбен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр беріп

Армысыздар құрметті ата-аналар, ұстаздар және « Балдәурен» тобының  
бұлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз» атты  
ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған, сары  
алтындай сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын  
сыйлады . Ендеше

**« Алтын күз»** атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Алтын күз ,жаңбырлы күз,

Жомарт күз, сұығына шыдайтын,

Сұлулығына көз тоймайтын ,

Алтын күздің тойында.

Балалар хормен : Шаршауды білмейміз

Көңілді би билейміз

Әсем сазды ән салып

Би билеуге дайынбыз

**Жүргізуші :** Қызыл жасыл, сары алтындай

Жапырақтар күздің көркі

Ән салайық , би билейік

Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге

«Күз жомарт» әнін тынданыздар.

**Жүргізуші:** Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды

Күз туралы сіздерге

Тақпақтарын бастайды – деп өлең шумактарына кезек береміз

Күздің казан айында

Алма, алмұрт піседі Айсұлтан

Жапырақтар сарғайып

Сыбыдыр, сыбыдыр тұседі

Күн сұтып жапырақтар түседі                    Төғжан  
Астық жеміс жиылды  
Қамбаға құйылды  
Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді                            Ақниет  
Жемістерін жинауға  
Шақырады біздерді  
Жемісі мол теретін

Күз дос еken бізбенен  
Бәрін тауып беретін                            Інжу  
Жомарт еken күз деген

Кебейді құт береке  
Астық толы қамбамыз                            Бекасыл  
Құтты болсын мереке  
Алтын күзді тойлаймыз

Алтын, сары, кызыл, көк                            Бағым  
Алуан-алуан жапырақ  
Күзгі бақта күлімдеп  
Көз тартады атырап

**Жүргізуші :** Балалар мен сендерге жұмбак жасырғым келіп тұр , сендер бұл жұмбақтың шешуін тапсандар біздің көптен күткен қонағымыз келеді. Ендеше сендер дайынсыңдар ма?

Балалар:    Әрине дайынбыз.  
Жүргізуші: Көк майсалы көрікті  
Алқап тола көп егін  
Бұл күндері киіпті  
Сары жібек көйлегін .                                    ( Күз )  
Жапқандай жапырағымен айналаны  
Қуантып байлығымен халқымды  
Бір қуантып қайту үшін біздерді  
Сабырлы , сары алтын күз келді.

**Балалар хормен:**

Біз сізді күтудеміз алтын куз

Күз ханшайымы келеді .

Сәлеметсіңдерме балалар, сендер бүгін қандай әдемі болып кеткенсіңдер.

**Мен сендердің өнерлерінді тамашалауға келдім.**

**Жүргізуши:** Сәлеметсізбе күз ханшайымы келіңіз, төрлетіңіз біздің өнерлі балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.

Ал балалар өнерімізді көрсетуге дайынбыз ба ?

**Күз ханшайымы :** Рахмет балалар мен бүгін өзіммен бірге Қыркүйек, Қазан қызыиммен Қараша ұлымды алып келдім.

Менің ұл қыздарым құр келген жоқ сендерге өздерінің әндерін дайындалап келді. Қане балалар менің Қыркүйек , Қазан , Қарашамның әнін тыңдандар

Қыркүйек , Қазан , Қараша ән айтады.

**Жүргізуши :** Қандай тамаша ән балалар сендерге ұнады ма ?

**Балалар :** Ұнады керемет ән.

**Жургізуши:**                    Өсем әуен салдырған

Сәбілерде алғыр жан

Балдәуреннің ұл қызы

Клип түсірді жаңадан-деп « Раушан» тобының бүлдіршіндері Ерке Есмаханның « Қайда» әнінен шағын клип түсірді. Сіздердің көңілдерінізден шығып жатса , Астана қаласыны жол тартсақ деп отырымыз. Қарсы алышыздар сіздердің алдарыныңда « Балдәурен» тобының бүлдіршіндері.

Ойын ата-аналармен «Көкөністер мен жемістерден» ойыншықтар жасау.

**Жүргізуши :**                    Ән салыңдар күліндер

Жайнап гүлдей жүріндер

Күздің тойын тойлайық

Би билейік ойнайық-деп   Айжан мен Еркеназ қыздарымыздың « Алтын күз» әні мен биші қыздарымыздың «Саңырауқұлақтар» биін қарсы алышыздар.

**Жүргізуши :**                    Ерте ерте ,ертеде

Бау-бақшасы көп өлкеде

Көкөністер жиналыш

**Алтын күз туралы**

Мақал-мәтел айтады-деп күз туралы мақал- мәтелге кезек берейік.

**Ақбота:** Көктемде жерге түскен бір дән

Күзде мың дән болады.

**Бота:** Егіндікті күз суғар

Күзде суғарсан жұз суғар.

**Мөлдір:** Күз келсе ,бақыт келер ырыспенен.

**Жүргізуші:** Құрметті ата-аналар ,ұстаздар. Берекелі мерекелі жомарт күздің

сыйлаған сыйы,әрбір отбасының ақ дастарханынан арылмасын еліміз аман

заманымыз тыныш болсын. Бүгінгі « Алтын күз» ертеңгілігімізді көніл қойып тыңдағандарыңызға, алтын уақыттарынызды бөліп келгендеріңізге көп –көп раҳмет. Қош сау болыңыздар.

**Ертегі ;**

**Құмырқа мен шегіртке**

Ерте ерте ертеде құмырсқа болыпты ол өте еңбекқор,жұмыстың ауырлығына қарамай еңбектеніп тынбайды еken. Бір күні құмырсқа баласын ертіп жем іздеуге шығады . Осы кезде бидайдың басын жеп тұрған шегірткені көреді.

**Құмырсқа :** Сәлем шегіртке неге адамның мәндай терімен пісірген бидайын

қалай рахаттанып жеп тұрсың-деп сұрады.

**Шегіртке ;** Осыншама көп бидайдың бір түйірін жесем адамның несі кетеді.

Жылда осылай рахаттанып жеп жүрем . Бұдан адамдар кедей болып қалmas,

**Жұр ;** Бастары жұлым-жұлым болып қалған бидайларға қарап тұрған құмырсқаның көзіне бидайдың парша-паршасын шығарып шашып ойнап келе жатқан шегірткенің балалары тұсті.

**Құмырсқа ;** Көрдіңбе шегіртке балаларында ,сен секілді өзгенің еңбегін ұрлауға үйреніп алған . Ертең оларда ұрлыққа үйір болады. Ал ұрлық түбі қорлық-деп күрсінді.

**Ашуланған шегіртке ;** Дап –дайын астан жемей терлеп –тепшіп жұмыс істеймін ба- деп кетіп қалады.

**Жұр ;** Құмырсқа одан әрі жұ береді.

Құмырсқаның баласы : Осы біз неге шаршап көп еңбектенеміз, тек қана қалдық қоқымдар жейміз. Ал шегірткеге рахат әдемі , таза бидайды жейді. Рахаттанып тойып алып қыдырып жүреді-деп мұнаяды.

Осы кезде құмырсқа былай дейді ; жоқ балам әлі ақ шегірткенің дұрыс еместігіне көзің жететін болады.

Жүр ; Жүре-жүре бидайдың алқабының шетіне шыққан олар шашылып қалған наның қоқымын көреді. Шамасы осы жерде адамдар нан мен сусын ішкен секілді . Осы кезде құмырсқа нан кандай еңбекпен келетінін баласына былай деп тусіндіреді .

Құм ; Балам мінекей мыныу ас патшасы нан . Бұл әлгі шегіртке жеп тұрған бидайдан жасалған. Адамдар өте еңбекшіл халық. Ерте көктемде бидайды егіп кузде жинап алады. Олар бидайды өндеп, Осындай тәтті нан жасайды.

Әлің жеткенше наның қоқымдарын жинап ал. Бұл қиқымдар бізден басқа ешкім ге керек емес.

Жүр ; Осы кезде адамдар келіп ; Мына бидайдын бәрін шегіркелер жеп бітірді. Енде шегіртке келмес үшін дәрілеп тастайын –деп дәрілеп кетеді.

Жүр ; Шегіртке бидайды жеуге тағы келеді. Шегіртке бидайды жеп ішін ұстап жерге құлап түседі.

Ж үр ; Құмырсқа баласы екеуі келе жатып бір дауыс естиді. Бұл шегірткенің даусы еді .

Шегіртке ; құмырсқа деп айқайлайды.

Құмырсқа шегірткенің жанына жүгіріп келеді.

Шегіртке ; Құмырсқа сен дұрыс айтыпсың. Қиналмай оңай ас т абамын деп адамдар сеуіп кеткен дәріге уланып қалдым. Тер төгіп еңбектенуге еріндім-деп жылап шығып кетеді.

Құм ; Көрдіңбе балам ,еңбек түбі береке, үрлых үлкен түбі қорлық деген осы балам.

Құмырсқаның баласы ; Түсіндім еңбектенуден ешқашанда шаршамайтын боламын.

Жүр ; Міне балалар еңбек етсең ерінбей

Тояды қарның тіленбей-деп бекер айтпаған. Еңбектің наны қашанда тәтті Сендер де құмырсқа сияқты еңбекке жақын болындар.

Үлкен айтыс құрыпты

Жүргізуші : Ғалам жайлы ғажап сырлар шертеді

Ертегіні жақсы көрем мен тегі — деп « Құмырсқа мен шегіртке»  
ертеңін тамашаланыздар.

Жүргізуші: Жемістерді тердіңбе ?

Мұндай жеміс көрдің бе ?

### Жемістердің айтысын

Ал тыңдайык кел бірге-деп « Жемістер» өлең шумақтарын тыңдаңыздар.

Пісіп тұрған алмамын

Тамсандырар бал дәмін

Жерге сілкіп түсірме                   Расул

Ісіп кетер мандайын

Мен өрікпін ірімін

Алма, алмұртқа інімін

Дастарханның гүлімін                   Самира

Сузыныңды қандырар

Салқын саумал шырынмын

Мен моншақты шиемін

Құмарсындар білемін                   Диас

Кетіп қалып жүрмесін

Тамағына сүйегін

Жургізуші: Қызыға біз қараймыз

Бұлдіршіндерге бүгінгі

Көрейікші көрермендер

«Жұп» биін тамашалап-деп « Жұп» биіне кезек береміз

Жүргізуші: Ал балалар тұрмайық

Би билейік бәріміз

Алтын күзде бүгінгі

Шырқап әнге салайық-деп «Балабақша» әнін тыңдаңыздар.

Күз ханшайымы: Балалар мен сендердің өнерлеріне риза болдым, қош  
сау болындар .

Шат көңілді балалар

Шаршағанды білмейді

Шымкент қаласы

№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы

Ересек «Раушан» тобы

## Тақырыбы: Тәуелсіздік тұғырым!



Тәрбиеші: Усипбекова А

Базарбай М

2021-2022ж



## Такырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым!»

Максаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы мәсіндердің молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еттеңе отанына деген сүйіспеншілктерін арттыру. Отанын, елін сүюге тәрбиелеу. Еліміздің Тәуелсіздігіне орай өткізілетін мерекелік ертеңгілікке балалар заңға вальс билеп кіреді. Мұнан соң барлығы Әнұранды орындаиды.

**Жүргізуши:** Сәлеметсіздер мебалалар, конактар, әріптестер! Бүгінгі 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған балабақшамыздың мерекелік ертеңгілігіндегі бастаймыз. Рәміздерім – елдігімнің белгісі, Білу керек бала – дағы ең кіші. Рәміздерім- ӘНҰРАН, КӘК ТУ, ЕЛТАҢБА, Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

**Жүргізуши:** Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

**Жүргізуши:** Қазақстан қандай мемлекет?

**Балалар:** Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

**Жүргізуши:** Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

**Жүргізуши:** Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

**Жүргізуши:** Астана қандай қала?

Балалар: Астана-бас қала, әдемі, үлкен қала.

**Жүргізуши:** Дұрыс айтасыңдар, балалар. Отан туралы тақпактарымызды айтайық.

Отан- жерім, Отан- сұым, Жәнібек

Отан қуат, нәр береді.

Отан- ұран, Отан- туым,

Отан мәңгі гүлденеді!

Куат алған өзінен, Тогжан

Туған елдің ұлымын.

Бақытты етіл өсірген,

Отанымның гүлімін.

Шырқап көкке аспан – ән,

Болашаққа бас қадам.

Інжү

Қазақ рухын биіктет,

Ей, бас қалам- АСТАНА !

Қадамың бар баспаған, Диас

Асуың бар аспаған.

Халқым жетсін мұратқа,

Ей, бас қала- АСТАНА!

**Жүргізуші:** Біз бұгін тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан өз мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар.

## Балалар, мемлекеттік тұмызыздың түсі қандай екен?

**Балалар: Тұмызыздың түсі – көк.**

**Жүргізуші:** Иә, өте жақсы.

—Ал, енді балалар, Рәміздерге байланысты тақпақтарымызды айтайык (балалардың тақпақтары тындалады).

Аспанымдай мөлдірмін, Самира

## Жайлауымдай жазықпын.

Өзенімдей өршілмін,

Гүлдерімдей нәзікпін.

Ақ ниеті- алтын күн

## Асқаң арман – қыраны.

Жалауы бұл- халқымның,

## Мәртебесі, мактаны.

Ән: «Ел қорғауға әзірміз».

## Би: «Қара жорға».

*Шымкент қаласы*

*№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы*

*Ересек «Раушан» тобы*

## **Тақырыбы**



**Тәрбиеші: Усипекова А**

**Бердиярова Г**

**2022 оқу жылы**

*Бекітесік*  
**Ана - өмірдің шуағы**

1 - жүргізуши: Құрметті асыл аналар, әжелер мен қыздар!

Сіздерді қөктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын

8 - наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз.

2 - жүргізуши: Сіздерге өлемнің нұрын, өмірдің гүлін, қөктемнің шуағын тілейміз. Мына жарық дүниенің мәні де, сөні де сіздерсіздер!

1 - жүргізуши: АナンЫң тілегі, АナンЫҢ ЖҮРЕГІ, АナンЫҢ МАХАББАТЫ, АナンЫҢ ҮСТҮҚ ҚҰШАҒЫНАН қасиетті ештеңе жоқ. Ең үстүқ күннің нұры да, АナンЫҢ ШАПАҒАТ МЕЙІРІМІНЕ ЖЕТПЕЙДІ.

2 - жүргізуши: Анаңды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, қарызын өтей алмайсың.

1 - жүргізуши: Иә, дұрыс айтасың. Біздің әрқайсымыз үшін өмірдегі ең жақын, ең өзиз жан ол – анамыз.

2 - жүргізуши: Бұғынгі 8 - наурыз – аналар мерекесіне арналған «Ана - өмірдің шуағы» атты мерекелік кешімізді ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер! Барлық өнеріміз аналар сіздер үшін.

1 - жүргізуши: Бұғынгі мейрамда қөктемдей көңіл сыйлайтын оқушыларымыздың аналарға арнап жазған өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

Сенен өскен балалар,  
Батырлар мен даналар.  
Құттықтаймыз мейраммен,  
Құрметті, жан аналар!

Тоғжан  
Ана дейміз бәріміз де аңқылдал.  
Ана дейді жас сәби де жарқылдал.  
Ана деген – бәйтерегі өмірдің  
Ана деген – алтын қазық, алтын бақ.

Жәнібек  
Ана деген асыл жандар болаттай,  
Ана деген мәлдір жандар бұлақтай.  
О, адамдар қадірлей біл аナンЫ,  
Жат қылышқа ақыл ойды тонатпай.

Бағым  
Ана десем шешек ашып жанары,  
Өмірімнің бастау алар жанары.  
Ана деген тіршілікке пана бол,

Әрбір үйде жұлдыз болып жанады.

Інжү

Ана деген ақылшың,  
Анаң барда батырың.  
Қасында кім болса да,  
Тек анаңа жақынсың.

Самира

Ақыл құйған санама,  
Күннен артық, расында.  
Күн алыста, ал анам,  
Ұлғи менің қасымда.

Ақниет

Шалқып, тасып әніміз  
Жадырасын жанымыз,  
Ана сені құттықтап,  
Әндетеміз бөріміз.

Рамазан

Құлақтан кіріп, бойды алар,  
Әсем ән мен төтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсек, меніңше сүй, – деп, Абай атамыз айтқандай оқушымыздың орындауындағы  
«Аяулы анашым» әнін, қабыл алышыздар.

Ән «Аяулы анашым»

Үкілі көмшат, бүрмелі кейлек.  
Тұрғандай өзі, қимылсыз билеп,  
Иықтан шашып, төгіліп жерге,  
Күмісті шашбау, жарасып белге – демекші, ендігі кезекте қазақтың «Қазақ би», қабыл  
алышыздар.

Би «Қазақ би»

1 - жүргізуши:

Дүние ойдан шығалы,  
Әзімді өзім ұмытып.  
Көңілім әнді үғады,  
Жүрегім бойды жылтытып, – дей отырып, ендігі кезекті әнге берейік.

«Асыл өже» әні

2 - жүргізуши:

Ойын «Ананың алақанын сипап сезу» Үш баланың көздерін жауып байлаймыз. Аналардың

орны ауысқаннан кейін, балалар көздері байлаулы қүйде барлық аналардың алақанының арасынан, өз анасының алақанын сипап сезу арқылы табу керек.

2 - жүргізуши:

Мерекеге арналады бүгін билер.

Көтерілсін, қанекей, көніл қүйлер.

Алдарыңызда қазіргі ұнді биі,

Таң қалдырып қанекей би билендер, – демекші, ендігі кезекте «Ұнді биі», қабыл алышыздар!

«Гүлдер биі»

2 - жүргізуши:

Ана ол біздің елде ардақты адам,

Кішісі де, ұлкені де ардақтаған.

Әзінің аяулысы да Отаның да,

«Ана» деп біздің халық текке айтпаған, – деп кезекті көрініске береміз.

Көрініс «Әжесі мен немересі» «Дүниеде не қымбат?»

Немересі: - Әже деймін, әже,

Сұрақ қойғым келеді сізге.

Мен түсінбейтін бір жәйт бар.

Түсіндірші соны бізге.

Бірінші сұрағым сізге:

Дүниеде не қымбат?

Әжесі: - Адам қымбат, қалқам.

Немересі: - Адамға не қымбат?

Әжесі: - Бала қымбат, қалқам.

Немересі: - Балаға не қымбат?

Әжесі: - Ана қымбат, қалқам.

Немересі: - Иә, десенші әже!

Түсінбеппін осы жайды.

Тағы бір сұрағым бар сізге,

Қатты мен жұмсақ жайлы.

Әжесі: - Сұрай ғой, қалқам. Не сұрасан да жауап берейін.

Немересі: - Әже дүниеде не төтті?

Әжесі: Ананың сүті төтті.

Немересі: - Дүниеде не қатты?

Әжесі: - Атаның жүргегі қатты.

Қарағым, сауал қойдың көп маған.

Бір ақыл айтайын саған

Тату болса – ағайын жақын,

Ақылшы болса - апайың жақын.

Бауырмал болса - інің жақын,

Алдыңа тартқан адал асың,

Қимас жақын қарындастың.

Немересі: - Түсіндім, әже. «Дүниеде не қымбат екенін?» енді мен айтайын:

Алтын ұяң - Отан қымбат,  
Құт берекең - атаң қымбат.  
Аймалайтын - анаң қымбат.  
Мейірімді - әжең қымбат.  
Асқар тауың - әкең қымбат.  
Бәрінен де ұят пенен ар қымбат!

**2 - жүргізуши:**

Ойын «Жылы сөздер». Аналар өз балаларына берілген өріптерден басталатын жылы сөздер айтады.

**1 - жүргізуши:**

Бишілер бар бізде қыздар мен үлдар тобы,  
Мерекеге өнерімен келген бүгін.  
Таң қалдырып, қанекей би билеші,  
Қол соғып, демеу берсе көрмермендер!  
Сахнада «Вальс би» қабыл алышыздар.

**1 - жүргізуши:**

Жан анам, құттықтаймын мереке құніңмен,  
Көктемнің құлпыра бер нарт гүлімен.  
Өрлесін елдің берген бақыт бағы,  
Жазбасын шат көнілін ақ құніңмен, – деп, ендігі кезекте «Апатајым – анашым» әні, қабыл алышыздар!

**Хор «Апатајым – анашым»**

**8 - оқушы:**

Достықты біз ойлаймыз,  
Бірге құліп ойнаймыз.  
Қыздарды да құттықтап,  
Мерекесің тойлаймыз - дей отырып, біздің сыныптың ер жігіттері қыздарды құттықтап жіберсек дейік.

**2 - жүргізуши:** Ардақты, аналар, өжелер мен апалар! Сіздерге осынау мерейлі мереке тек қана иті жақсылықтар өкелсін.

**1 - жүргізуши:** Деңдеріңізге саулық, бала-шагаларыныңға амандық тілейміз. Жүздеріңізден күлкі қуаныш пен шаттықтың нұры кетпесін. Еңбектеріңіз табысты болып, шаңырақтарыныңға құт – береке дарысын! Аспанымыз ашық, мемлекетіміздің іргесі берік болсын!

Шымкент қаласы

№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы

Ересектер «Раушан» тобы

## Ертеңгілік

Тақырыбы: Жыл басы-Наурыз

Тәрбиеші: Усипбекова А

Бердиярова Г

2022ж



## Жыл басы –Наурыз!

Тәрбиеші: Күлімдеген шұақты қөктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен сіздерді құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш сыйласын!

Құрметті әріптестер Наурыз мерекесі құтты болсын!

Келе жатыр жылымыз

Мейрамдаймыз мұны біз

Халық сүйген мейрамды

Қарсы алайық Наурызды

Әже балаларды алып, қолына шашу ұстап балаларды алып кіреді.

Тәрбиеші: Қош келдің Наурызым ардақты

Халқым саған бар үмітін арнапты

Жылда осылай келе берсін жаңарып

Гүлге бөлеп, нұрға бөлеп аймақты.

Ән: «Тұған жер»

Тақпақтар:

Армысыздар халайық

Наурыз шаттық әніміз

Бармысыздар халайық

Салтанатты сәніміз

Наурыз тойын жұп жазбай

Ән салайық бәріміз

Жылда қарсы алайық

Би билейік бәріміз

Айсұлтан

Тоғжан

Дастарханға дәміміз  
дом

Жайдарлымыз бәріміз

Жарасу бар жаулық жоқ

Қандай жақсы Наурыз

**Нартай**

Расцветай и будь прекрасной

Наша древняя земля

Пусть живут твой народы

Как единая семья

**Миша**

Ал халайық түрмайық,

Әндетеік жырлайық,

Ортамызды ашайық,

Ұрыс тілеп бұл жылға

**Диас**

Наурыз тойы жырымыз

Көңіл гүлдей жайнасын

Құлпырып түр күн мен ай

Құтты болсын наурыз

**Иса**

Наурыз пришол к нам в

Поселил веселье в нем

Накормил нас от души

До чего ж мы хороши

**Злата**

Ежелгі шығыс елінің,

Аңсаған арман ойы бар

Тарқайтын жері шерінің,

Дәстүрлі наурыз тойы бар

**Інжу**

Көктемім төкті нұрды

Көңілдің кетті мұңы

Кел достар ән шырқайық

Ұлыстың ұлы күні

**Ақниет**

Күттіріп келген жыл басы

Бізбен бірге жырлайық

Дастарханы елімнің

Береке ұрыс сыйлайық

**Бекасыл**

## **Би : «Батырлар»**

**Тәрбиеші:** Балалар « Жыл басы –Наурыз» атты ертеңгілігімізді біз Алтын сақа ертегі желісі бойынша жалғастырамыз.

Ертеде бір шал болған екен , оның жар дегенде жалғыз ұлы бар екен.....

**(Шал қолында қамшысы бар қой жайып жүреді )**

**Шал:** Шек,шеку,ей кебенек! Мына ешкілер әбден мазамды алды.

«Қой бақтым қоңырау тақтым ,ешкі бақтым еңіреп бақтым» деген осы екен ғой.Уң әбден шаршадым ,дем алайынши ,деп малдас құрып отыра кетеді.

Сол кезде артынан Мыстан кемпір келіп шалды қылқындыра бастайды.

**Мыстан:** Уң,бәлем қолыма тұстің бе?

Ойбай,ойбай жіберші ,қылқынып барамын.

**Мыстан :** Сен маған не бересің?

**Шал:** бір отар қой беремін

**Мыстан:** Жоқ маған қой керек емес,баланды бер әйтпесе жібермеймін.

**Шал:** Жарайды жалғыз Кенжебек деген ұлым бар ,соны ал

**Мастан :** Онда келісемін,оны қалай бересің?

**Шал:** Баламның жақсы көретін алтын сақасы бар,соны саған беріп кетейін ,балам алтын сақасын іздеп келгенде өзің ұстап ал .

Міне алтын сақа деп қалтасынан алтын сақасын алып береді де, кетіп қалады.

**Мыстан:** алтын сақаның жанында отырады ,бала сақасын іздел келеді

**Бала :** апа,апа анау жатқан сақамды алып берші

**Мыстан:** Ой мен отырсам тұра алмаймын,тұрсаң отыра алмаймын,өзің ал .

Бала еңкейіп сақаны ала бергенде мыстан оны шап етіп үстап алады.

**Тәрбиеші:** Ой мыстан апа сіз Кенжебекті өз жайына жіберіңіз сақасында беріңіз сізге не керегі бар.

**Мыстан:** жоқ,жоқ мен жібермеймін.Сендерге Кенжебек керек болса,менің бір шартым бар.

**Тәрбиеші:** Орындаимыз

**Мыстан:** Менің би өнерін тамашалағым келіп отыр.

**Тәрбиеші:**

**Би:** «Домбыра»

**Тәрбиеші:** Ал енді Кенжебекті жібересіз бе?

**Мыстан:** Жоқ,жоқ мен енді ән тыңдағым келіп отыр

**Тәрбиеші:** Наурыз-жыл басы,Наурыз-қуаныш мерекесі

Наурыз-бақыт пен шаттық мерекесі

Наурыз –көктем мерекесі

**Ән:** «Көктем»

**Тәрбиеші:** Ал енді мыстан апа жібересіз ба?

**Мыстан :** Жібермеймін кәне үлдарыңың күшін сынап көрейінші

**Тәрбиеші :** Олай болса ,қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Күш сынасу»

Ортаға екі ұл шығып күш сынасады.

**Тәрбиеші:** Мыстан апа көрдіңізбе, біздің ұлдарымыздың қаншалықты құштерінің көп екенін.

Балалар ,мыстан апа біздің мерекемізде қалсын б? жоқ әлде кетсін бе?

Балалар, Ұлыстың ұлы күні –Наурыз мерекесі ол қасиетті күн. Бұл күні балалар араз болған адамдар бір бірімен татуласып, бір біріне деген өкпесін кешіреді.Қatal,қайырымсыз адамдар мейірімді болып,арам адамдар шыншылға айналады екен.

**Мыстан мейірімді болады.**

**Қыдыр ата келеді.**

**Тәрбиеші:** Ал енді балалар кезекті Салт –дәстүрге береміз. Салт – дәстүріміздің бір түрі «Балаға азан шақырып ат қою керек екен»

Кішкене сәби дүниеге келгенде оған азан шақырып ат қояды екен.Мәселен бала болашақта сыйлы,құрметті, үлкен азамат болсын деп ниетпен жасалады екен.Олай болса, ортамыздың бүгінгі қонағымыз ағамызды шақырамыз және де, сәби мен анасын шақырамыз.

**Би: «Қара жорға »**

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар,балалар осымен бүгінгі ертеңгілігіміз аяқталды . Наурыз мерекесі баршаңыздың құт –береке әкелсін! Сау саламат болыңыздар!

